



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Қазақстандық оқушылар халықаралық пән олимпиадаларында ел намысын қорғап, жақсы нәтиже көрсетіп жатыр. Газетіміздің өткен нөмірлерінде физика мен математика пәндерінен халықаралық жарыста топ жарған өрендеріміз туралы жазып, сүйіншілеген едік. Міне, енді дарынды дарабоздарымыздың Геогра-

география пәндерінен олимпиадалардағы жоғары жетістіктері олардың бәсекеге қабілетті екенін көрсетеді. Оқушыларды жеңісімен құттықтаймын! Біз оларды мақтан тұтамыз. Сондай-ақ балаларға сапалы білім беріп жатқан ұстаздарға шексіз алғысымды білдіргім келеді. Дарынды балаларды тәрбиелеген

Алтын медальға – 4,5 млн теңге

фиядан халықаралық олимпиададағы жетістігін сүйіншілеудің сәті түсіп тұр.

Олар Географиядан халықаралық олимпиадада (IGEO-2022) 1 алтын, 1 қола медаль жеңіп алды. Ұлттық құрама қоржынына алтын медальды Санжара Хамитов (Ақтөбе қаласынан), қола жүлдені Еркебұлан Тазабек (Шымкент қаласынан) салды. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің хабарлауынша, бұл – еліміздің беделді олимпиадаға қатысу тарихындағы қазақстандықтардың екінші алтын медалі.

«Биыл зияткерлік жарыстарды Франция ұйымдастырды. Пәндік олимпиадаларға әлемнің 54 елінен 216 оқушы қатысты. Балаларымыздың математика, физика және енді

ата-аналарға да рахмет», деді ведомство басшысы.

Министрдің мәлімдеуінше, биыл осындай олимпиадалардың жеңімпаздары бұрын-соңды болмаған қолдау шараларының игілігін көреді. Президенттің тапсырмасы бойынша қомақты ақшалай сыйақы төлеу және отандық ЖОО-ға ҰБТ тапсырмай-ақ қабылдау қарастырылып отыр. Алтын медаль алған оқушыға шамамен 4,5 млн теңге, күміс медальға 3 млн-нан аса теңге, қола медальға 1,5 млн-нан аса теңге көлемінде ақшалай сыйлық беріледі. Оқушыларды жарысқа дайындаған ұстаздар да төлемақы алады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан және Өзбекстан Президентімен кездесті

Шолпан-Ата қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің бейресми кездесуі өтті, деп хабарлайды Egemen.kz

«Мемлекеттер басшылары Ыстықкөлде теплоходпен серуендеу барысында елдер арасындағы өзара қарым-қатынастардың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талқылап, өңірлік күн тәртібіндегі бірқатар мәселе жөнінде пікір алмасты», делінген хабарламада.



«Егемен Қазақстан» газетінен.

Киікті көпсінген күрделі мәселенің күрмеуі әлі де тарқамай тұр. Киелі жануардың санын оққа байлау мен оңтайландырудан басқа шешім ұсына алмаған тиісті ведомствоның басшысы Президенттен сөз естіп, сөгіс алды. Енді жан-жақты ғылыми-зерттеулер жүргізіліп, киік популяциясын басқарудың жаңа тәсілдері қарастырылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Үкіметтің кеңейтілген отырысына қатысып, ісінң қиюын келтіре алмаған бірқатар министрге қатаң сөгіс берді. Бұл қатарда Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев те бар. «Киіктердің тағдыры туралы түсініксіз әуре-сарсаң мен пікірталас қалыптастырғаны үшін сөгіс жарияланады. Мұның бәрін қоғамдық талқылаудың осыншалық деңгейіне шығарудың қажеті не? Бұл мәселеге ұлтымыздың менталитетін ескере отырып, кәсіби тұрғыда келу керек. Шынында, киік қазақ үшін киелі жануар саналады. Табиғи ландшафтан 80 мың бас киікті жою, яғни өлтіру туралы ұсыныс енгізіліп отыр. Бірақ басқа да тәсілдер бар секілді. Мамандармен ақылдасыңыздар. Бұл ең соңынан жүгінетін шара ғой. Мен мұны қолдануымыз мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Алайда мұның ақырғы шара екенін қайталап айтамын», деді Қ.Тоқаев.

Президент сынынан кейін барлық мүдделі мемлекеттік органдар, қауымдастықтар және ғалымдар жиналып, киіктер популяциясын реттеу және пайдалану мәселесін қайта талқылады. Нәтижесінде, бұл бағыттағы жұмыстарды, ғылыми зерттеулерді тереңірек жүргізу қажет деген қорытынды жасалған. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев Орталық коммуникациялар алаңында журналистерге кеңінен айтып берді.

Министрдің айтуынша, 1999 жылдан бастап киіктер саны күрт төмендеп, Қазақстанда оларды пайдалануға тыйым салынды, кейін бұл шара 2023 жылға дейін ұзартылды. Киік – Қызыл кітапқа енгізілмеген жа-



нуар. Бұл аңшылық түр, бірақ оны аулауға тыйым салынған. «Киік санының төмендеуі тоқтап, 2003 жылғы 21 мыңнан, осы жылы 1 млн 318 мыңға дейін өсті. Бұл Кеңес одағы кезеңінің ең көп санынан, яғни 1 млн 200 мың болған саннан асты. Киік санын қалпына келтіру – бұл сөзсіз Қазақстанның жетістігі. Киіктің әлемдік популяциясының 95%-ы біздің елімізде. Киік қазақ үшін киелі жануар, ұлттық брендтіміз де дегуге болады. Оны сауатты басқару – біздің алдымызда тұрған үлкен міндет. Барлық пікірлерді ескеріп, міндетті түрде ғылыми орталықтармен ақылдасып, жүйелі түрде шешу қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, менің төрағалығыммен, ғылыми ұйымдар, мүдделі мемлекеттік органдар, салалық қауымдастық өкілдері қатысуымен киік популяциясын басқарудың жаңа тәсілдерін қарастыру мәселесі бойынша кеңес өткізілді. Зоология институты мен Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы өкілдері әрбір популяцияның оңтайлы санын анықтап, жүйелі мониторинг және тұрақты басқару үшін

Қазақстандағы киік популяциясы ареалындағы экожүйені кешенді бағалау бойынша терең ғылыми-зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ұсыныс айтты. Ғылыми-зерттеулер жүргізілгеннен кейін киіктердің санын басқарудың баламалы әдістері белгілі болады», деді С.Брекешев.

Өз кезегінде Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ғылыми-зерттеулерді қаржыландыру мәселесін қарастырып жатыр екен. Техникалық тапсырманы әзірлегеннен кейін қажетті сома анықталмақ. Зоология институты дайындық жұмыстарын бастап та кетіпті.

«Ақбөкен популяциясы басқарусыз шексіз өсіп, тұрақты өмір сүре алмайтынын түсіну керек. Біріншіден, жемшөп ресурсы шектеулі, екіншіден, киікке тән әртүрлі себеппен – ауру, эпизоотия салдарынан жаппай қырылу. Киік санының динамикасын талдай отырып, 1980 жылдан бастап жаппай қырылуының 11 жағдайы, орташа алғанда әрбір 3,5 жыл сайын байқалды. Бұл кезде орташа есеппен бүкіл популяцияның 34%-ы немесе барлық санының 18%-ы қырылған. Тиісті

ғылыми-зерттеулер болмауына байланысты, жаппай өлім-жітімді болжау мүмкін емес, сондықтан киік санының ауру мен жұттан күрт ауытқу ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Киікті сақтау үшін арнайы қорғауды жалғастыра отырып, мүмкін болатын мөлшерін ұстап тұру – неғұрлым орынды мәселе. Мұндай популяцияны басқару мұқият дайындықты қажет етеді. Сондықтан біз Зоология институтымен терең зерттеу жұмыстарын бастаймыз және қорытындысын, әрине, жариялаймыз. Бұл жұмыс бірнеше жылға созылуы мүмкін. Өз кезегінде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің даулы мәселелерін шешу үшін Ауыл шаруашылығы министрлігі фермерлерге келтірілген залалды өтеу әдістемесін әзірлеу мәселелерін қарайды», деді ведомство басшысы.

Мемлекет басшысы Үкімет отырысында бұл салалық министрліктің алдына тағы бір маңызды міндет қойды. Бұл геология саласын дамыту болатын. С.Брекешев бұл мәселе бойынша қандай жұмыстар қолға алынатынын атап өтті.

Оның айтуынша, геология саласының алдындағы негізгі міндет – геологиялық зерделенуді арттырып, перспективалы учаскелерді анықтап, геология орнықты экономикалық өсуінің инфрақұрылымын дамыту, процестерді цифрландыру және автоматтандырып, заң базасын жетілдіру. Бұл 2025 жылға дейінгі Геология саласы дамуы тұжырымдамасы жобасында және «Қазақстандықтардың әлауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсуі» ұлттық жобасында көрініс тапты. Ұлттық жобада геологиялық зерттеудің жалпы ауданы 2026 жылы 680 мың шаршы шақырымды құрайды. Бұл 2,2 млн шаршы километр геологиялық-геофизикалық зерделеумен

қамтуға жол ашады. Сирек және сирек кездесетін металдарға перспективалы учаскелерді анықтауға ерекше назар аударылады.

«Процестерді цифрландыру және автоматтандыру үшін «Минералдық ресурстардың ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілді. Өкінішке қарай, жұмыс 2017 жылдан бастап қаржы бекіту, мердігер компанияны таңдау бойынша ұзақ рәсімделіп, кейінге қалдырылды. Жүйені бытыр шілдеде енгізу жоспарланған еді. Дегенмен ақпараттық жүйе жұмысын тестілеу оның дайын еместігін көрсетті. КРМГ тәуелсіз жобалық кеңсесі бағалап, тек 60 пайызы ғана іске асырылғаны белгілі болды. Сонымен қатар 2,5 млрд теңге бюджет қаражаты Қазынашылық комитетінің шотында, өйткені мердігер міндеттемесін орындамады, сондықтан ақы төлеу жүргізілмеген. Өз кезегінде, құрылып жатқан Kaznedra жер қойнауын пайдалану бірыңғай платформасы шеңберінде осы ақпараттық жүйені одан әрі іске асыру туралы шешім қабылданды. Платформа ведомствоаралық болып саналады, бұл жер қойнауын пайдаланушы мен мемлекеттік органдарды байланыстыруы керек. Қазір Цифрландыру министрлігімен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы жылдың соңына дейін тестілік режимде бірқатар компоненттер жұмыс істейді», деді Экология, геология және табиғи ресурстар министрі.

Сонымен қатар министрлік геологиялық барлауға инвестиция климатын жақсарту үшін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша тиісті ұсыныстарды пысықтап жатыр екен.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Киік санын тиімді реттеу күрделі ғылыми-зерттеуді қажет етеді

Екі тарап тыңдалып, ортақ шешімге келді

Шілденің 19 күні аудандық ардагерлер үйінің мәжіліс залында Қоғамдық Кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, хатшысы Мұхтар Қиясбаев, мүшелері: Төлепберген Бекқұлиев, Талғат Жұмақов, Бақыт Сымақова, Сержан Бегманұлы және Біржан Саржан, Жер қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы мен қызметкері Гүлмира Оспанова, аудандық «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек, Сызған ауылының тұрғыны Жасымбек Кәдірбекұлы және Кәдірбаев Бақытжан есімді кәсіпкер азаматтың қатысуымен алқалы жиын өтті. Жиынның мақсаты Қоғамдық Кеңеске арыз-шағым түсірген Сызған ауылы тұрғындары мен «Big Target және Building Partners» ЖШС-нің құрылтайшысы Бақытжан Шәмілұлын тыңдап, шағым түсірушілер мен жеке кәсіпкердің қайсыларының сөзі уәжді, дәйекті екенін зерттеп, зерделеу болатын. Сол себепті де Қоғамдық Кеңестің төрағасы М. Сапаров жиылғандарға мәселенің мән-жайын түсіндіріп болғаннан соң, әр екі тараптың өз уәждерін айтуға мүмкіндік берді. Алғашқы болып сөз алған Сызған ауылының тұрғыны Жасымбек Кәдірбекұлы мен қоғамдық кеңестің мүшесі Сержан Бегманұлы: «Өздеріңіз де жақсы білесіздер, біздің ауданымыз онсыз да Уран өндірісінің есебінен экологиялық аймаққа жатады. Мынадай зардаптары бар деп баса айтатын экология маманы емеспіз, бірақ әншейін рентген аппаратына түсудің өзінің едәуір зардабы бар, Уранды ашық өндіретін өңір болғандықтан зардабы болмауы мүмкін емес деп ойлаймыз ғой қара халық. Оған енді мына «Big Target және Building Partners» деп аталатын ЖШС-тің сызған ауылы әкімшілігіне қарасты жайылымдық жерлердің 27,6 гектар жерін жалға алып, сол өндіріс орындарынан шыққан радиоактивті қалдықтарды көметінін қосыңыз. «Ел құлағы елу» деп, естіген жерден ауыл халқы мал-жанымыз бен жайылымдық жерлеріміз үшін алаңдап отырған жайымыз бар. Оның үстіне, мұндай мақсатта жер алушы міндетті түрде тұрғылықты жердің тұрғындарымен алдын-ала қоғамдық тыңдау өткізуі керек көрінеді. Алайда, аталмыш ЖШС өкілдері мұны қажет деп таппаған секілді. Осы ретте, аудан әкімдігі мен өздеріңізге осы мәселенің ақ-қарасын ажыратып беріңіздер деп хат жазған едік. Біздің айтарымыз осы, ендігі жерде мүмкіндік болса осы кәсіпкер азаматты барлығымыз бірге тыңдасақ. Әйтеуір, Сызған жұртшылығының қауіпін сейілтіп, көккөйлерімізде жүрген күмәннен айырсаңыздар екен!» деп сөздерін аяқтады.

Мұнан соң сөз алған аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы мен осы

бөлімнің қызметкері Оспанова Гүлмира:

«Ә, дегенде өздерінің бұл ЖШС-ке жер телімін беруге қарсы болғандарын, кейін облыстық Жер инспекциясының шешімімен аталмыш жерге МемАкт жасап бергендерін айтты. Себебі, жер телімін алып отырған «Big Target және Building Partners» ЖШС-нің мемлекеттік лицензиясында негізінен тек радиоактивті қалдықтардың белсенділік қабілеті төмен түрін ғана өңдейтіні көрсетілгендіктен заң бойынша жер телімін алғаннан соң ғана қоғамдық тыңдау өткізуге құқы бар екен» дегендей уәж айтты. Осы аралықта Қоғамдық кеңестің мүшесі Талғат Жұмақов өзінің жиынға кіре алды, кәсіпкер Бақытжан Кәдірбаевпен сөйлесіп, ол жігіттің алдағы уақытта қоғамдық тыңдау өткізуге дайын екенін және уақытты өткізбей тыңдаудың өтетіні жайлы жергілікті БАҚ-та жариялау қажеттігін айтты. Тағы да жергілікті газетке тыңдаудың өтілетін күні жарияланған соң заңда көрсетілген уақыт ішінде Сызған ауыл әкімшілігіне қарасты бұқара халықпен жолығып, қоғам талқысына салу керектігін мәлімдеді.



Дегенмен, жиылғандардың көпшілігі: «ақыры бас қосқан екенбіз, жер телімін алушы кәсіпкер азаматты да тыңдап, мән-жайға қанықаннымыз дұрыс шығар» деген ортақ мәмілеге келдік. Сөйтіп, келесі сөздің кезегі «Big Target және Building Partners» ЖШС-нің құрылтайшысы Бақытжан Кәдірбаевқа берілді.

Бақытжан Шәмілұлы жиылғандарға: «Мен де негізінен, Созақтың азаматы есептелемін. Себебі, менің аталарым Түркістанда тұрғанмен осы Сызған ауылынан шыққан екен бір кездері. Сонымен қатар, менің Созақ жерінде еңбек еткеніме 13 жылдай уақыт болды. Бұрындары Германияда нақ осы радиоактивті қалдықтарды жуып-тазалап, қайта өңдеу бойынша білім-білік алып, тәжірибеден өткендіктен, елге оралған соң осы бағытта жұмыс жасадым. Нақтырақ айтсам, бәлкім біріңіз біліп, біріңіз білмессіздер мынау Қыземшек поселкесінің маңында осындай радиоак-



тивті қалдықтарды жоятын «Қазметрао» ЖШС-і 2009 жылдан күні бүгінге дейін жұмыс жасап келген болатын. Сол ЖШС-тің директоры болып қызмет істегеніме де 13 жыл мерзім өтіпті. Бұл «Қазметрао» ЖШС-нің радиоактивті қалдықтарды жою және залалсыздандыру жөнінде мемлекеттен алған лицензиясы болған. Қазіргі таңға дейін жалпы Қазақстан аумағында 16 мың тоннаға жуық радиоактивті қалдықтарды жойып,

телімінің 10 гектары бұрындары радиоактивті қалдық төгуге арналған аймақ болатын және ол Сызған ауылынан қайда қашықта орналасқан. Мына Сызған ауылының тұрғындары, жерлестерім айтқандай жергілікті халықтың үй іргелік жерлерінен де мал жайылымдарынан да жырақта жатқан жер. Ал енді, неге нақ осы жерді таңдадым? Біріншіден, бұрындары сол мақсатта берілген жер болғандықтан. Екіншіден, теміржолға жақын орналасқан. Біз қолға алып отырған радиоактивті қалдықтарды жою және залалсыздандыру технологиясы күні бүгінге дейін біздің елімізде, ауданымызда қолданылып келген қалдықтарды залалсыздандырмастан жерге көмуге қарағанда экологиялық жағынан елге де жерге де өте тиімді жол. Негізінде, радиоактивті қалдықтардың шекті жағдайы 0,2 пайызды құраса, біздің залалсыздандыруға алатын отырған қалдықтардың залалдығы 0,5 пайызды ғана құрайды. Ал енді, біздің залалсыздандыру жұмысына қысқаша тоқталып өтетін болсам, өзіміз жалға алып отырған 27,6 га жердің 7,6 гектары радиоактивті қалдықтарды залалсыздандырып, қайта өңдейтін шағын зауыт соғамыз. Қоршалған аймақта залалсыздандырылған өндіріс орындары жарамсыз деп шығарып тастаған темір, полиэтилен т.б материалдардан тұратын радиоактивті қалдықтарды арнайы сұйықтықпен (раствор) жуғаннан соң суын төгетін бассейн болады. Бассейнге құйылған суды да радиоактивті құм және топырағынан айырып, арнайы (фильтр) сүзгіштен өткізіп, келесі қалдықтарды жуып тазалауға да пайдаланамыз. Себебі, радиоактивті топырағынан арылып, сүзгіштен өткен судың құрамында алдын қосылған арнайы сұйықтық болады оны тағы да пайдаланудың ешбір сәкеттігі жоқ. Сонымен қатар, радиоактивті қалдықтарды алуға барғанымызда өндіріс орындары бізге қажетті материалдардан да бөлек әншейін жатқан қалдықтарын да қосып беріп жіберетін жағдайлары да болады. Осы ретте, мұндай қажетсіз қалдықтарды да көметін ар-

найы қорымдық (могильник) жер үшін 10 га жерді де белгілеп отырмыз. Ал енді, қалдықтарды залалсыздандырып, жою жайына келсем. Мысалға, 6 метрлік полиэтилен трубаларды бір метрден кесіп, арнайы сұйықтықпен жуып, залалсыздандырып, алдын-ала келісімшартқа отырған кәсіпорындарға (зауыттарға) қайта өңдеуге жібереміз. Олар да өз кезегінде залалсыздандырып, залалсыздандырып, өзіме сол күйі қайтып бер деп жатса, қалдықтарын кеспестен сол күйінде жуып, залалсыздандырып береміз. Тек, мұның қызмет ақысы сәл жоғары болады. Жалпы, түсінген адамға біз іске асырғалы отырған радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру ісі қоршаған ортаның экологиялық жағдайы үшін әлдеқайда тиімді. Әйтпесе, өздеріңіз де білесіздер өндірістерден қайсыбір радиоактивті қалдықтарды (полэтилен труба, темір штангілер, қаңылтырлар мен темір және пластмасса бөшекелер) қағаз жүзінде залалсыздандырудың дегенмен аудан жұртшылығының оларды тұрмыстық жағдайда қолданып жүргенін. Міне, нақ осы жағдай қоршаған орта үшін аса қауіпті. Сол себепті де сіздерден біздің ЖШС-тің бизнес-жоспарымызды қолдап, түсіністікпен қарауларыңызды өтініп сұраймын. Ол үшін жергілікті халықпен СЭС, Экология қызметкерлерін қатыстыра отырып қоғамдық тыңдау өткізуге әбден дайынбыз. Егер сіздердің тараптарыңыздан қарсылық болмаса, осы жиыннан шыға сала аудандық «Созақ үні» газетіне қоғамдық тыңдаудың өтетіні және жері мен уақыты жайлы хабарлама бермекпін. Уақыт тауып жатсаңыздар сіздер де сол қоғамдық тыңдауға қатысып, ойларыңызды айтыңыздар. Тағы бір айта кететінім, аудандық СЭҚБ-ның қызметкерлері мені жақсы таниды. Олай дейтінім, 13 жылдан бері «Қазметраода» жүргенімде талай рет тексерістерінен өткенмін. Алайда, осыаралықта бір рет құқық бұзушылығымыз болған емес. Не істесек те лицензиямызда көрсетілген шеңберден шыққан емеспіз. Болашақ та да солай болады деп сендіремін!» деп мән-жайды түсіндіріп берді.

Жиылғандар да Бақытжан Шәмілұлын тыңдап болған соң, бірауыздан радиоактивті қалдықтарды жоятын құрылғының әлемдік тәжірибеден өткен мұндай түрі ауданымызға керек-ақ екен. Дегенмен, соңғы сөзді СЭҚБ және Экология мамандары айтсын. Ол үшін әрине, қоғамдық тыңдау өтсін деген ортақ шешімге келіп тарқасты.

Данияр БЕК.

Мемлекет және дін

Қазіргі кезде әлем елдерінің көпшілігі зайырлы мемлекет болып табылады. Әлем елдерінің бәрінің өз діндері бар және дәстүрлі діндеріне басымдық беріп, көңіл бөлінеді, шектеу жасалмайды. Заң бойынша да белгілі бір деңгейде ерекшеліктер беріледі. Кей мемлекеттерде ислам, буддизм деген секілді діндер ресми мойындалған. Алайда, басқа да көзқарастардағы азаматтардың дін таңдау бостандықтарына тыйым салмайды. Әлемдік тәжірибеде дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы бірінші кезекте Конституция және арнайы заңдар арқылы реттеледі. Ал, бізде ҚР Конституциясында әрбір Қазақстан азаматына сөз бостандығы, діни наным-сенім бостандығы кепілдендірілген. Сонымен қатар, ҚР шетелдермен және халықаралық ұйымдармен жасаған келісімшарттары бар. Қазір біз діни наным-сенім бостандығы және ар-ұждан бостандығы деген екі ұғымның арасын ашып алуымыз керек. Діни бостандық азаматтарға өзі қалаған дінді ұстануға мүмкіндік береді. Ал, ар-ұждан бостандығы ұғымына дінді ұстану және ұстанбау, басқа да дүниетанымдық тектері бар.

Қазақстандағы дін мен мемлекет қарым-қатынастары негізінен Конституция арқылы және 2011 жылы қазан айында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның «Дін және мемлекет» деген 3-бабы арқылы реттеледі. Соңғы кездерде мемлекет дін мәселесіне көңіл аудару-

да. 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңда» Әбу Ханифа бағытындағы ислам діні мен Православиялық христиан дінін халқымыздың рухани-мәдени дамуына үлес қосқан деп көрсетілген. Бір анық жайт, мемлекет еш уақытта дінге көз жұмып қарай алмайды. Өйткені, ел азаматтары – мемлекеттің басты құндылығы. Ел азаматтарының рухани көзқарастары да маңызды. Сондықтан, мемлекет дінге ешуақытта бейтарап бола алмайды.

Зайырлы мемлекет саясатының жағымды жағы – жеке тұлғаға бір қалыпты дүниетаным мен өмір сүру салтын агрессияшыл түрде таңуға жол бермеу болып отыр. Тұлғаның адами абыройын қорғайтын бұндай ұстаным ислам қағидаттарымен де ұштасады. Мысалы, Құран Кәрімнің «Кафирун» сүресінің 6-аятында «Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме тән» деп айтылған болса, «Бақара» сүресінің 256-аятында «Дінде зорлау жоқ» делінген. Зайырлы мемлекет ешбір дінді өзге діндерден артық деп санамайды. Ешбір діннен бет бұрмайды әрі олардан алшақтамайды. Олардың құқықтарының теңдігін сақтауды өз міндеті деп біледі.

Елімізде «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында көрініс тапқан зайырлылықтың қазақстан-

дық моделі қалыптасты. Оның негізгі мазмұны басты діни құндылықтарға тең құрамдармен жақындасуды және мемлекеттік құқықтық жүйені жетілдіруде азаматтар үшін тиімді өмір сүру салтының оң мәнін табудың ізденісін білдіреді. Қазақстанда дінді және дін ұстанушыны қорлауға жол берілмейді. Мемлекет те, дін де зайырлылық қағидаттарын асқақтатуға ат салысып, қазақ өркениетінің аяқ асты етілуіне жол бермейді.

Еліміздің Конституциясына сәйкес азаматтарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Конституцияның осы қағидалары дін саласын реттейтін қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігімен айқын көрсетілген. Діннің мемлекеттен бөлектігі мемлекеттің дін істеріне араласудан бас тартуына тұғырланады. Мемлекетте барлық діндер тең құқылы және олардың бәріне бірдей талаптар қойылады. Мемлекеттік органдар заң бұзылмаған жағдайда діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпайды, өз кезегінде, діни бірлестіктер

мемлекеттік қызметтерді атқармайды. Конфессиялық ерекшеліктер мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге негіз болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарастарына тәуелсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында өзара тең. Азаматтарды дінге көзқарасына шектеу немесе ұстанатын дініне қарай қандай да бір артықшылықтар беру, азаматтардың діни сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген

жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ. Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі. Өз кезегінде діни сенім бостандығының сақталуын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары ел заңнамаларында белгіленген өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қорыта келе, дін мен мемлекет байланыстары адам құқықтарын, соның ішінде ар-ұждан бостандығы мен діни сенім еркіндігін құрметтеу аясындағы мемлекет пен діннің өзара ықпалдасуы болып табылады. Демек, біздің еліміз үшін адамның діни сенімі мен құқығын қорғауға және сақтауға бағытталған дін мен мемлекет қарым-қатынасын нығайту басты міндет болып табылады.

Б.ӨТЕГЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Абай ауылында ас берілді

Таяуда қазыналы Қаратаудың төбесіне қарасаң тақияң түсетін Мыңжылқы шыңына ұштасар тұсындағы қадым замандардан өткен-кеткен қонағына иіліп сәлем беріп тұрған Келіншеқтаудың бөктеріндегі Абай ауылында кезінде осы топырақта өніп, өсіп, бұл күндері туған ошақтарынан жырақта жүрген ұрпақтары қасиетті құрбан айт мейрамы күні бас қосып, ата-бабаларына ас берді. Ресми түрде оны ауылдың еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейінгілердің басы қосылған алқалы жиын болды деп атағанымызбен шын мәнінде ол ауыл жастарының кіндік қандары тамған атақоныстарының қаңсыған тамырларына қан жүгіртіп, өздерін қанаттандырып, ұядан ұшырған қасиетті мекендеріне қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырған шаралары екендігікерініп тұрды.

Осы ауылда кіндік қаны тамып, зейнет жасына шыққанға дейін аудан көлемінде небір лауазымды қызметтерді атқарған Сексенбай Тұрысбеков ағамыз өткен ғасырдың елуінші жылдарының аяғын ала ірге тасы қаланған Абай ауылының осы жылдар талай талай бел-белестерден өткеніне тоқталды. Ардагер ағаның сөзіне қарағанда бүгінгі Абай бір кездері тау бөктерін қуалай қоныстанған Ақтұма, Жетібай, Бірінші елді мекендерінің тұрғындарынан құралған ауыл. Сол елуінші жылдары Абай қария екен төрт талдың маңайынан ұжымшардың астық сақтайтын қоймасынан басқа

түк те жоқ болса, бүгінде мұндағы түтіннің ұзын қарасы жүзден асады. Қазіргі Абайдың өсіп-өркендеп гүлденуінде көздері жоқ болса да өлшеусіз еңбегі сіңген ел азаматтары аз емес. Амангелді Иманов атындағы мектептің бауының астында самалдап отырып, астан дәм татқан ағайын кезінде осынау талдың әрбір шыбығын мал тісінен қызғыштай қорып, қорғаған Қантай Смайылов пен Абай ауылын ұзақ жылдар бойына басқарған Шәріпбек Шардарбековтің тағы да басқа көптеген азаматтардың есімдері ілтипатпен ауызға алды. Спорттық шаралар арқылы тек Абай ауылының ғана емес, басқа да аудан азаматтарының басын қосып, дүркіретіп, ас беріп, әруақтарға құран бағыштаған қызықтылықтың шығынын көтеріп алған азаматтарымыздың бірі Марат Бекетовтің әкесі Міркен Бекетовтің осы жерде алғашқылардың бірі болып, ЗИС автокөлігін жүргізгендігін көздерімен көргендер ол туралы әдемі естеліктерін айтты. Қазақтың «әкең өлсе де әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген аталы сөзінің түпкі астарында осындай мағына жатса керек. Көпшіліктің есінде қалған мына шара Марат Бекетов бастаған ауыл түлектері бастаған игі істің одан әрі жалғасатындығын аңғартқандай болды. Расында да ауылдан адам көшкенмен ауыл адамнан көшпейді екен.

Толғанбек ӘЙНЕКБАЕВ,
ауыл ардагері.

Газетіміздің өткен сандарында Созақ спортының соңғы кездердегі соны жаңалықтары жайлы жазып, Теріскей халқынан бірнеше рет сүйінші сұраған болатынмын. Міне, енді сондай сүйінші хабарға тағы да кенеліп отырмыз. Нақтырақ айтсам, үстіміздегі жылдың 6-7 шілде күндері аралығында,

ересектер арасында 53 кг салмақта Жаманқара Нұрдаулет турнирдің чемпионы атанды. Ал, жастар арасында өнер көрсеткен Бақитов Азат 63 кг салмақта күмістен алқа тақты. Ал енді, жасөспірімдер арасында бағын сынаған Сұлтан Бекзат баламыз да Азат секілді 66 кг салмақта күміс медаль ал-

Жерлес жекпе-жекшілеріміз де жеңіспен оралды



Ұлттық спорт Жекпе-жектен Түркістан облысының ашық турнирі болып өтті. Аталған спорт түрінен ауданымызда Мұхтар Қиясбаев жетекшілік ететін, жаңадан ашылған аралас жекпе-жек «SOZAKH FIGHT CLUB» спортшылары қатысып қайтты. Аталған жарыстың мақсаты алда өтетін Қазақстан Республикасының Кубогына жолдама ұтып алу болатын. Ауданымыздың намысын қорғап барған жекпе-жекші жеткіншек-спортшыларымыз байрақты бәсекеден жүлделі оралды. Атап айтар болсақ,

ды. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында жекпе-жекке шыққан тағы бір оғланымыз Сағат Иманғали 38 кг салмақта сайысып, қола жүлдені иемденді. Сонымен, Созақ спортының жүлде қоржыны бір алтын, екі күміс және бір қола медальмен тағы толықты. Осы ретте, «Созақ үні» газеті редакциясы мен оқырмандарымыздың атынан спортшыларымызды жеңістерімен құттықтап, алда өтетін ҚР Кубогында жеңіске жетулеріне тілектес екендігімізді білдіреміз!

Данияр ҚҰЛ- АХМЕДҰЛЫ.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу туралы

ХАБАРЛАНДЫРУ

2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 1-қосымша

ЭҚЖЖ коды	Экономиканың басым секторларының тізбесі	Атауы
1	Агроөнеркәсіптік кешен	0111 “Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіруді” қоспағанда, өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер көрсету
03	Балық аулау және балық өсіру	Балық аулау және балық өсіру
10	Тамақ өнімдерін өндіру	Тамақ өнімдерін өндіру
11.06	Уыт өндіру	Уыт өндіру
11.07	Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтелкелерге құйылатын сусындарды өндіру	Алкогольсіз сусындарды, минералды суларды және басқа да бөтелкелерге құйылатын сусындарды өндіру
Жеңіл өнеркәсіп және жиһаз өндірісі		
13	Тоқыма бұйымдарын өндіру	Тоқыма бұйымдарын өндіру
14	Киім өндіру	Киім өндіру
15	Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру	Былғары және оған жататын өнімдерді өндіру
16	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіру	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіру
17	Қағаз және қағаз өнімдерінің өндіру	Қағаз және қағаз өнімдерінің өндіру
18	Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту	Полиграфиялық қызмет және жазылған ақпарат жеткізгіштерін жаңғырту
20	Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру	Химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру
21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру
22	Резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру	Резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру
31	Жиһаз өндіру	Жиһаз өндіру
Құрылыс материалдары және өзге де өндірісі		
23	Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру	Өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндіру
	Металлургия, металл өңдеу, машина жасау	Металлургия, металл өңдеу, машина жасау
24	Металлургия өндірісі	Металлургия өндірісі
25	Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру	Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру
26	Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру	Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру
27	Электр жабдықтарын өндіру	Электр жабдықтарын өндіру
28	Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру	Басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру
29	Автомобильдер, тіркемелер және жар тылай тіркемелер өндіру	Автомобильдер, тіркемелер және жар тылай тіркемелер өндіру
30	Басқа көлік құралдарын өндіру	Басқа көлік құралдарын өндіру
33	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
Өнеркәсіптің басқа да секторлары		
32	Өзге де дайын бұйымдар өндіру	Өзге де дайын бұйымдар өндіру
35.11.4	Жел электр станцияларының электр энергиясын өндіруі	Жел электр станцияларының электр энергиясын өндіруі
35.11.5	Күн электр станцияларының электр энергиясын өндіруі	Күн электр станцияларының электр энергиясын өндіруі
35.11.9	Өзге де электр станцияларының электр энергиясын өндіруі	Өзге де электр станцияларының электр энергиясын өндіруі
35.11.2	Су электр станцияларының электр энергиясын өндіруі	Су электр станцияларының электр энергиясын өндіруі
38	Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)	Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою; материалдарды кәдеге жарату (қалпына келтіру)
39	Ластануды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтер	Ластануды жою жөніндегі қызмет және қалдықтарды жою саласындағы өзге де көрсетілетін қызметтер
Көлік және қоймалау		
45.2	Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
49.3	Құрлықтағы өзге де жолаушылар көлігінің қызметі	Құрлықтағы өзге де жолаушылар көлігінің қызметі
49.41	Жүк автомобиль көлігінің қызметі	Жүк автомобиль көлігінің қызметі
50	Су көлігінің қызметі	Су көлігінің қызметі
52	Жүктерді қоймалау және қосалқы көлік қызметі	Жүктерді қоймалау және қосалқы көлік қызметі
53	Табиғи монополиялар саласына жататын қызметті қоспағанда, пошта және курьерлік қызмет	Табиғи монополиялар саласына жататын қызметті қоспағанда, пошта және курьерлік қызмет
Туризм		
55.10	Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі	Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі
55.20	Демалыс күндеріне және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кеңестерінде тұрғын үй беру	Демалыс күндеріне және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кеңестерінде тұрғын үй беру
55.30	Кемпингтердің, автофургондарға арналған тұрақтардың және тұруға арналған автотіркемелердің қызмет көрсетуі	Кемпингтердің, автофургондарға арналған тұрақтардың және тұруға арналған автотіркемелердің қызмет көрсетуі

Ақпарат және байланыс
58
59.14

61
62

Баспа қызметі
Кинофильмдерді көрсету жөніндегі қызмет
Телекоммуникациялар
Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа ілеспе көрсетілетін қызметтер

Меншік немесе жалға алынған мүлікті басқару немесе жалға беру
68.20.1 Қойма ғимараттары мен алаңдарын жалдау

68.20.2 Қойма ғимараттары мен алаңдарын жалдау (қосалқы жалдау)

Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет

69.2 Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы қызмет; салық салу жөнінде консультация беру

71 Сәулет, инженерлік ізденістер; техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет

72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер

74 Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

75 Ветеринариялық қызмет

77.11 Жалдау, жалға беру және лизинг

Жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалдау және лизинг*

Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру жөніндегі қызмет

81 Ғимараттарға қызмет көрсету және аумақтарды абаттандыру жөніндегі қызмет

Білім беру

85 Білім беру

Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер

86 Денсаулық сақтау саласындағы қызмет

87 Тұратын жерді қамтамасыз етіп әлеуметтік қызметтер көрсету

88 Тұратын жерді қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету

Өнер, ойын-сауық және демалыс

91 Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің қызметі және мәдениет саласындағы өзге де қызметтер

93 Спорт, ойын-сауықты ұйымдастыру (дискотекалар мен караоке қоспағанда) саласындағы қызмет

Өзге де көрсетілетін қызмет түрлерін ұсыну

95 Компьютерлерді, жеке пайдаланылатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу

96.01 Тоқыма және тері бұйымдарын жуу және (химиялық) тазалау

* Осы ЭҚЖЖ отандық өндірушілердің жеңіл автомобильдерін жалға алуды және лизингі көздейді

2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 2-қосымша Нысан

Конкурс өткізу туралы хабарландыру
Конкурсты ұйымдастырушы: _____;
электрондық пошта мекенжайы: _____;
байланыс телефоны _____

Конкурстың нысанасы: 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру.

Конкурс нысаны: ашық конкурс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беру орны: субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық топтамасын ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімдері: 20__ жылғы “__” _____ баптап 20__ жылғы “__” _____ аралығында.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданауға жатпайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: _____.

2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру қағидаларына 3-қосымша Нысан

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінім

облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ұсынылған материалдарды қарауды сұраймын және жаңа бизнес-идеяларды іске асыру (өз бизнесін құру) үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысатынымды мәлімдеймін.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурс өткізу туралы

ХАБАРЛАНДЫРУ

(Соңы.Басы өткен санды)

Өтінім беруші туралы мәліметтер:
заңды тұлға үшін:

атауы _____;
бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____;
басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;
басшының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____;
мекенжайы _____;
телефон (факс) нөмірі _____;
жеке тұлға, дара кәсіпкер үшін:
атауы _____;
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____;
ЖСН _____;
жеке басын куәландыратын құжат:
нөмірі _____;
кім берді _____;
берілген күні _____;
мекенжайы _____;
телефон (факс) нөмірі _____;

Жеке тұлға, дара кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама:

орналасқан жері _____;
хабарлама күні _____;

2.Шағын кәсіпкерлік субъектінде екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шоттың болуы туралы мәліметтер:

Банк деректемелері: _____;
Банктің атауы: _____;
БСК _____;
ЖСК _____;
БСН _____;
Кбе _____;

3.Сұратылатын ақша қаражаты, барлығы, мың теңге _____; оның ішінде жылдар бойынша:

Р/с №	Жыл	Сума, тг	Мақсаты (бизнес-жобаның егжей-тегжейін ашумен)
1			
2			

Мынаны:

1) бұрын берілген кредиттер (қарыздар) бойынша мерзімі өткен берешегім жоқ екенін;
2) осы өтінімде қамтылған мәліметтер, сондай-ақ өңірлік үйлестіруші талап еткен барлық құжаттар осы Мемлекеттік гранттар беру қағидалары шеңберінде мемлекеттік гранттар беру үшін ғана ұсынылғанын растаймын.
Мен:

1) өңірлік үйлестірушінің бірінші талабы бойынша осы өтінімді қарау шеңберінде талап етілген банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат пен құжаттарды ұсынуға және ашуға;
2) өтінімде көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, өңірлік үйлестірушіні дереу хабардар етуге кепілдік беремін.
Мен:

1) өңірлік үйлестіруші мен конкурстық комиссияның ұсынылған мәліметтерді тексеруіне жол берілетінімен;
2) өңірлік үйлестірушінің көрсетілген деректердің анықтығын тексермеуіне жол берілетінімен;

3) көрсетілген деректер мен ақпараттың анық емес екені анықталған жағдайда, осы өтінім оны қараудың кез келген кезеңінде қабылданбайтындығымен;
4) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімде көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және кәсіпкер ұсынған құжаттарды мүдделі үшінші тұлғаларға (ұлттық жоба шеңберінде ақпарат алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген), сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ға ұсынуға құқылы екенімен;

5) өңірлік үйлестірушінің кәсіпкер өзі туралы хабарлаған кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдыратынымен, ал кәсіпкер ұсынған құжаттар мемлекеттік грант ұсынылмаса да, өңірлік үйлестірушіде сақталатынымен;
6) өңірлік үйлестірушінің осы өтінімді қарауына қабылдауымен, сондай-ақ кәсіпкердің ықтимал шығыстары (нысаналы грант алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге) өңірлік үйлестірушінің нысаналы грант беру немесе кәсіпкер шеккен шығасыларды өтеу міндеттемесі болып табылмайтынымен келісемін.

Конкурстың шарттарымен және 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларымен таныстым.
Ұсынылған ақпараттың анықтығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анық мәліметтер ұсынбағаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректер мен өзге де ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп шығаруға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші қол қойып, 20__ жылғы "___" _____ сағат 00:00-де жіберді:
ЭЦҚ деректері _____;
ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты _____;
Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:
Өңірлік үйлестіруші 20__ жылғы "___" _____ сағат 00:00-де қабылдады:
ЭЦҚ деректері _____;
ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты _____;

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік грант беруге арналған конкурстық іріктеуге қатысу үшін өтінімге қосымша Нысан

Жоба туралы мәліметтер
1.Жалпы ақпарат:
жобаның атауы _____;
жобаның қысқаша сипаттамасы _____;
жобаны іске асыру орны _____;
жобаны іске қосу күні _____;
қызметтің бейінді бағыты (*жоба облыс орталықтарында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Семей қалаларында іске асырылған жағдайда толтырылады) _____;
өнімді/көрсетілетін қызметті пайдаланушылардың нысаналы аудиториясы _____;
жер учаскесінің және/немесе үй-жайдың болуы (жалға алу немесе жеке меншік) _____;

учаскенің және/немесе үй-жайдың кадастрлық нөмірі (бар болса) _____;
қажетті жабдықтың/қосалқы материалдардың болуы (бар болса тізбелеу): _____;

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші (ЭҚЖЖ) бойынша кәсіпкердің қызметі туралы деректер:
секциясы: _____;
бөлімі: _____;
тобы: _____;
сыныбы: _____;
кіші сыныбы: _____;

2.Жобаны өнімді нарыққа ілгерілету стратегиясы:
өнім нарығының көлемі мен сыйымдылығы, жоба іске асырылатын саланың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын талдау _____;

ұсынылатын өнім алуы мүмкін нарықтың әлеуетті үлесін негіздеу _____;
зерттелетін нарықтардағы негізгі үрдістер, күтілетін өзгерістер _____;

өнімді әлеуетті тұтынушылармен уағдаластықтардың болуы және өнімді сатып алуға әзірлігін растайтын құжаттар (ниеттер хаттамалары, алдын ала жеткізу шарттары, жеткізу шарттары) _____;

осы нарықта өнімді табысты өткізуге елеулі ықпал етуді қамтамасыз ететін факторлардың болуы (баға саясаты, өнімнің техникалық сипаттамалар бойынша артықшылығы, нарықтағы беделі, контрагенттермен қарым-қатынасы, еңбек ұжымы, өнімнің қатардағы емес сапасы, географиялық және өзге де ерекшеліктері) _____;

жасалатын өнімнің бәсекелік артықшылықтары, техникалық-экономикалық сипаттамаларын аналогтармен салыстыру (техникалық және құндық сипаттамалары бойынша баламалы шешімдерге салыстырмалы талдау келтіріледі (аналогтармен салыстыра отырып, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді өндіру үшін ұсынылатын техникалық деңгейі мен құны, ақпарат көзіне сілтемелер): _____;

Көрсеткіштердің атауы Көрсеткіштердің мәні
ұсынылатын үлгі №1аналог №2аналог

3 Жоба командасы: жалдамалы қызметкерлер саны _____;
кәсіпкерлік қызмет саласындағы және іске асыру жоспарланып отырған саладағы жұмыс тәжірибесі (тиісті құзыреттің, машықтардың, дағдылардың немесе білімнің болуы) _____;

4.Жобаны іске асыру:
жобаның өтелу мерзімі, ай _____;
Шығыстардың түрлері Шығыстар баптарының Шығыстар сомасы,
атауы мың теңге

Меншікті қаражат _____

Грант қаражаты _____

Барлығы:
5.Жоба бойынша күтілетін экономикалық әсер:
5.1 өтінім берілген күнге ақпарат:
Басшыны қоспағанда, жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарының саны, адам _____;

Алдыңғы қаржы жылындағы салық түріндегі түсімдер сомасы, мың теңге _____

5.2 болжамды ақпарат:

Жылдар	Болжам	4 жыл бойынша сомасы		
	ағымдағы жыл	1-жыл	2-жыл	3-жыл

Құрылатын жаңа жұмыс орындарының саны, адам _____;
Салықтар түріндегі жаңа түсімдердің сомасы, мың теңге _____;
Таза пайда, мың теңге _____

6.Тәуекелдерді басқару:
Тәуекел түрлері Тәуекелдің басталу ықтималдығы Тәуекелді реттеу тәсілдері

Мүлкікті (өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру процесінде кәсіпорынның өз мүлкінің бір бөлігін жоғалту, оның бүліну және толық табыс алмау ықтималдығы) _____;
Маркетингтік (тауарды өткізу көлемінің немесе бағасының төмендеуінен толық пайда алмау ықтималдығы) _____;
